



Тараз қ. Орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі

Күләш Ахметова – 80 жыл

Поэзияның ақ гүлі

Виртуалды көрме

Тараз - 2026

*Күнді еске алып, мейірімнен тарықпаған,
Жақсылыққа әп-сәтте жарып қалам.
Есімдерін енді мен жырыма орап,
Болашаққа қастерлеп алып барам!*

Құрметті оқырмандар!

*Сіздерді қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, лирик ақын, Қазақстанның халық жазушысы **Күләш Ахметованың** 80 жылдық мерейтойына арналған «Поэзияның ақ гүлі» атты виртуалды көрмеге қош келдіңіздер.*

***Күләш Ахметова** – нәзік сезім мен терең ойды ұштастырған, жүрек лүпілін жырга айналдырған бірегей талант иесі. Ақын поэзиясында адам жанының иірімдері, аналық мейірім, туған жерге деген сүйіспеншілік, ұлттық рух пен адамзаттық құндылықтар айрықша көрініс табады. Оның жырлары тазалықтың, шынайылықтың, парасат пен пәктіктің символындай болып, оқырман жүрегіне жол тауып келеді.*

*«Поэзияның ақ гүлі» атты бұл көрме - ақынның бай шығармашылық мұрасын насихаттауға, оның әдебиет әлеміндегі орнын айқындауға арналған рухани тағзым. Виртуалды көрме арқылы сіздер **Күләш Ахметованың** өмір жолымен, шығармашылық белестерімен, жыр жинақтарымен және ақын туралы құнды деректермен таныса аласыздар.*

*Әдебиет пен өнер - мәңгілік. **Күләш Ахметованың** сыршыл да сырбаз жырлары әлі талай ұрпақтың жан дүниесін байытып, рухани әлемін нұрландыра беретіні сөзсіз.*

**Тағдырымыз о бастан
үндес еді**

*Көк көйлегің желменен тербетілген,
Таң арайын көремін келбетіңнен.
Жабырқамай жүрсін деп,
Саған кілең
Бар жақсылық тілеймін жер бетінен.*

*Қуантады мені де әр қадамын,
Биіктерден көріну бар талабың.
Оңай емес жар болып, бала сүю,
Оқу сосын мендегі жан-парағын.*








*Тағдырымыз о бастан үндес еді,
Сәуле болса кеудеде гүл де өседі.
Өзіңе аян аңқылдақ мінезіммен
Қуантқым кеп тұрады күнде сені.*

*Демеймін мен Төлеген, сен Баянсың,
Әжептәуір бүгінде елге аянсың.
Талай тарпаң ісіме келіспессің,
Ақ көңіл екеніме қол қоярсың.*

**Қайырбек Асанов, ақын, Қазақстанның
Құрметті жазушысы**








821.512.122

А94

Ахметова, К. Шығармалар жинағы
[Мәтін]. 1 т. Өлеңдер мен поэмалар /
Күләш Ахметова. - Алматы: Дәуір,
2021. - 320 б.



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Жамбыл облысының Құрметті азаматы, көрнекті ақын Күләш Ахметованың бұл шығармалар жинағы сыршыл, ойшыл суреткердің тұлғалық даралығын ашуға мол мүмкіндік береді.

Бұл жинақтың бірінші томына өткен ғасырдың жетпісініші жылдарынан бері жазылған лирикалық өлеңдері, поэмалары, сондай-ақ бұрын жарық көрмеген туындылары енгізілген.

Күләш поэзиясының басты тақырыптары - күллі әлемдік күрделі мәселелер мен ұлы жаратылыстың таңғажайып көркі, қоршаған орта, туған табиғат, ұлт мүддесі, ұрпақ тағдыры, ізгілік пен имандылық, адамгершілік пен мейірбандылық, достық пен махаббат.

Күләш Ділдәқызы Ахметова - қазақ поэзиясына нәзік лирикасы мен терең ой өрнегін ала келген көрнекті ақын, білікті журналист, талантты аудармашы. Ол 1946 жылы 25 сәуірде Қырғызстан Республикасының Талас ауданына қарасты Киров ауылында дүниеге келген.


Болашақ ақынның балалық шағы Жамбыл облысы Талас ауданындағы Үшарал ауылында өткен. Осындағы Үшарал орта мектебін тәмамдаған соң, 1961 жылы Жамбыл медициналық училищесін мейірбике мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын Үшарал медпунктінде меңгеруші қызметінен бастаған.

Алайда жүрек қалауымен таңдаған сөз өнері оны журналистика әлеміне жетеледі. 1973 жылы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамдап, кәсіби журналист мамандығын игерген. Осы жылдардан бастап оның шығармашылық жолы жаңа арнаға бет бұрған.

Күләш Ахметова Талас аудандық «Ленин жолы» газетінде, 1973-1977 жылдары республикалық «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып еңбек еткен. Ал 1977-1980 жылдары «Жалын» баспасының поэзия бөлімінде редактор қызметін атқарып, қазақ жырларының дамуына сүбелі үлес қосқан.

Күләш Ахметова - елдік рухты, тәуелсіздік пен туған жерге деген махаббатты жырлаған қаламгер.


821.512.122 Ахметова, К. Шығармалар жинағы
А94 [Мәтін]. 2 т. Өлеңдер мен поэмалар / Күләш
Ахметова. - Алматы: Дәуір, 2021. - 350 б.



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Жамбыл облысының Құрметті азаматы, көрнекті ақын Күләш Ахметованың бұл шығармалар жинағы сыршыл, ойшыл суреткердің тұлғалық даралығын ашуға мол мүмкіндік береді.

Ақынның көпшілік назарына ұсынылып отырған екінші томына кезінде оқырман қауым жылы қабылдаған таңдаулы жырлары, арнау өлеңдері, поэмалары беріліп отыр.

821.512.122 Ахметова, К. Шығармалар
А94 жинағы [Мәтін]. 3 т. Өлеңдер /
Ахметова К. - Алматы: Дәуір, 2021. -
320 б.



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Жамбыл облысының Құрметті азаматы, көрнекті ақын Күләш Ахметованың бұл шығармалар жинағы сыршыл, ойшыл суреткердің тұлғалық даралығын ашуға мол мүмкіндік береді.

Ақынның шығармалар жинағының бұл томына әр жылдары жазылған танымал жырлары мен белгілі сазгерлер ән шығарған өлеңдері ұсынылған.




*«Күләштің өлеңдерінен әйелге тән
нәзіктік қана емес, ақынға тән
азаматтық үн анық естіледі»*

Қадыр Мырзалиев

ақын, Қазақстанның халық жазушысы



821.512.122 Ахметова, К. Шығармалар
жинағы [Мәтін]. 4 т. Мақалалар
мен арнау өлеңдер / Күләш
Ахметова. - Алматы: Дәуір, 2021. -
328 б.



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Жамбыл облысының Құрметті азаматы, көрнекті ақын Күләш Ахметованың бұл шығармалар жинағы сыршыл, ойшыл суреткердің тұлғалық даралығын ашуға мол мүмкіндік береді.

Көпшіліктің назарына ұсынылып отырған төртінші томға көрнекті тарихи тұлғалардың, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, әдебиет майталмандарының, өнер саңлақтарының ақын шығармаларын талдай отырып берген дәйекті бағасы мен ізгі лебізді ой-толғаулары, зерттеу мақалалары және арнау өлеңдері топтастырылды.



Күләш Ахметованың шығармашылығы - қазақ поэзиясындағы нәзік лирика мен терең философиялық ойдың көркем тоғысы. Ақын жырларынан ең алдымен шынайы сезім, тазалық пен адам жанының сырлы әлемі айқын сезіледі. Ол өлең арқылы оқырманын жүрекпен ойлауға, өмірді терең түйсінуге жетелейді.


Ақын поэзиясының басты тақырыптары - махаббат пен адалдық, туған жерге деген сағыныш, ана мен бала арасындағы киелі сезім, уақыт пен тағдыр, ел мен еркіндік мәселелері. **Күләш Ахметова** үшін махаббат - тек жеке адамның сезімі емес, ол адамгершілік пен рухани тазалықтың өлшемі. Сондықтан оның өлеңдері қарапайымдылығымен, шынайылығымен және өмірге жақындығымен ерекшеленеді.

Күләш Ахметованың жыр тілі - нәзік те сыршыл, әрі көркем бейнеге бай. Ол қазақ поэзиясына әйел жанының терең иірімдерін, аналық мейірім мен жан жылуын жаңа бір биікте алып келді. Ақынның әрбір өлеңінен өмірге, адамға деген іңкәрлік пен сенім аңғарылады.

Ақын шығармалары оқырманға ой салумен қатар, рухани күш береді. Оның поэзиясы уақыт өткен сайын өз маңызын жоймай, қайта жаңғырып, жаңа буынның жүрегіне жол табуда. Өлеңдерінің мектеп оқулықтарына енуі - соның айқын дәлелі.

Сонымен қатар **Күләш Ахметованың** жырлары өзге тілдерге аударылып, қазақ поэзиясын әлемдік оқырманға танытуға қызмет етті. Оның шығармашылығы - ұлттық рухты, нәзік лириканы және адам жанының тазалығын асқақтата жырлаған мәңгілік құндылық.

821.512.122 Ахметова, К. Шығармалар жинағы
А94 [Мәтін]. 5 т. Мақалалар мен сұхбаттар
/ Күләш Ахметова. - Алматы: Дәуір,
2021. - 324 б.



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Жамбыл облысының Құрметті азаматы, көрнекті ақын Күләш Ахметованың бұл шығармалар жинағы сырышыл, ойшыл суреткердің тұлғалық даралығын ашуға мол мүмкіндік береді.

Ақын шығармалары жинағының бесінші томына өмірі мен өнері біте қайнасқан қаламгердің отбасы, отан, заман, тіл тағдыры туралы өзекті ойлары, ұлттық идея мен жаһандық даму үрдісі, қазіргі қоғамның жай-жапсарын қозғаған мақалалары мен сұхбаттары беріліп отыр.

Мен Туған Үй

Біздің үйден жұрт жаңалық табатын,
Әкем елге хабар беріп жаңа тым,
Әңгіме айтып отыратын, түзетіп
Москваның уақытымен сағатын.

«Соңғы хабар» болып, даусын ашты ма,
Радио тыңдамасаң - бас кінә.
Ұнатпайтын сөзін бұзған адамды
Сөйлеп тұрған кезде ұлы Москва!

Біздің үйді сондай қызық үй дейтін,
Ешкім бізде үнсіздікті сүймейтін.
Кешкі шайдың соңы - концерт, балалар
«Наманганның алмасына» билейтін.

Елуінші жылдар. Басқа - бар талап,
Радиоқабылдағыш - шартарап.
Орталықтан оралатын әжеміз
Алғашқы ауыр батареяларды арқалап.

Әр тарихқа беретінбіз асқан мән,
Жаттайтынбыз «Манас» деген
дастаннан.
Барлық тілмен бауырластық мен үшін -
Өзім туып, өскен үйден басталған.

Куә болған Алатаудың асқары,
Косылатын жиі-жиі бастары.
Татар қызы құрбысы еді анамның,
Орыс еді әкеміздің достары.

Өздері де, сөздері де жараса,
Әсерленіп жүруші еді балаша.
Жас еді олар біздерден де қазіргі,
Өздерінше одақ, еді тамаша.


Талай рет гопак ойнап, қызды би,
Таң қалдырар еді талай сізді күй.
Алуан ұлттың тағамы да табылған
Ғажап еді-ау қарапайым біздің үй!..

Күләш Ахметова



Күләш Ахметова ата-анасымен, бауырларымен туған үйінде

84(5Қаз) Ахметова, К. Жайна,
А94 Қазақстан! [Мәтін] / Күләш
Ахметова. - Тараз: Салық тәртібі,
2011. - 91 б.



Күләш Ахметова - қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, азаматтық үні мен сыршылдығы үйлескен ақын. Оның «Жайна, Қазақстан» атты жыр жинағы - елге, жерге, ұлтқа деген сүйіспеншіліктің көркем көрінісі.

Кітапта ақынның туған еліне деген мақтаныш сезімі, тәуелсіздікке деген терең құрметі мен халықтың бірлігіне деген сенімі жыр арқылы шынайы сипат алған. Өлеңдерінде Отан, ана тілі, ұлт рухы, тарих, адамгершілік секілді мәңгілік тақырыптар кеңінен көрініс табады.

Ақынның тілі бай, ойы өткір, ұлттық рух пен замана үні үйлесім тапқан. Әр шумақтан жүректің лүпілі, азаматтық көзқарас пен елдік сенім сезіледі. «Жайна, Қазақстан» - жас ұрпаққа үлгі боларлық, патриоттық рухты оятатын мазмұнды туынды.

Бұл кітапты мектеп оқушылары мен жастарға отансүйгіштікке тәрбиелеу, поэзияға қызығушылық ояту мақсатында оқуға ұсынуға әбден лайық.


821.512.122 Ахметова, К. Шын жүректен
А94 [Мәтін] / Күләш Ахметова. -
Алматы: Abai, 2023. - 296 б.



Көрнекті ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Күләш Ахметованың бұл жаңа жинағының тақырыбы бұрынғы өлеңдерінің мазмұнынан өзгerek. Жинақта негізінен арнау өлеңдер топтастырылған.

Кітап ұлтымыздың тарихи тұлғаларынан бастап, отбасына, дос-жаранға, ағайын-туысқа, бүгінгі күнгі қоғам қайраткерлеріне арнап жазған ақынның әр кездегі лирикалық өлең-жыр лебіздерінен тұрады. Десек те, оның бұл шығармаларында әлемдік мәселелер, заман - дәуір келбеті, ұлт мүддесі, табиғат көркі, имандылық, достық, махаббат жайлы ойлары ұдайы көрініс тауып отырады.


Бұл кітап оқырманды Отанын сүйуге, адамгершілікке, сыйластыққа, ізгілікке, мейірбандылыққа үндейді.



821.512.122
А94

Күләш АХМЕТОВА

ОТАН




821.512.122 Ахметова, К. Отан [Мәтін] :
А94 көркемсуретті поэзиялық кітап-
альбом / Күләш Ахметова. - Алматы:
Өнер, 2021. - 292 б.

Халқымыздың аса көрнекті ақыны, бүгінде түркі әлеміне жақсы танымал, Қазақстан жастар одағының иегері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, К. Симонов атындағы халықаралық сыйлықтың иесі, «Кұрмет», «Парасат» орденді қаламгер, көптеген жыр жинақтарының авторы, Жамбыл облысының Кұрметті азаматы Күләш Ділдақызы Ахметова «Отан» атты осы көркемсуретті поэзиялық кітап-альбомына өзі жарық дүниеге келгелі бергі бүкіл перзенттік махаббатын Ел мен Жерге, Отан-Анаға деген асқан сезімталдықпен, өте терең сүйіспеншілікпен жазып, топтастырған.


Ақын қаламынан төгілген жырлар, ең әуелі, күллі Ғаламымыздың Жаратушы Жалғыз Иесі - Аллах Тағаланы мадақтауға арналған. Сонан соң, әлем кеңістігіндегі Жаратылыс пен Жер шарының, бүкіл адамзаттың және өз Халқы мен Елінің тағдырын бойына сіңіріп, олардың әрқайсысын жан-тәнімен көбелектей нәзіктікпен қорғап жырлайды.

«Отан» көркемсуретті поэзиялық кітап-альбомы - поэтикалық рухы мен қалыптап-безендірілуі тұрғысынан да ерекше жаңалық.






84(5Қаз) Ахметова, К. Наурыз нұры
А94 [Мәтін] : [өлеңдер мен
поэмалар] / Күләш Ахметова. -
Алматы: Жазушы, 1991. - 200 б.




Күләш Ахметова - қазақ поэзиясында өзіндік үні, терең мазмұнды шығармаларымен танылған ақын. Оның жырлары ұлттық рухты, адамгершілік құндылықтарды, туған жерге, тілге, Отанға деген сүйіспеншілікті жырлаумен ерекшеленеді. Ақын шығармашылығында әйел болмысы мен қоғам өмірі де кеңінен көрініс табады.

Күләш Ахметованың «Наурыз нұры» - көктемнің шуағындай жарқын, халқымыздың рухани болмысын тереңнен танытатын, үміт пен жылылыққа толы мазмұнды жинақ. Бұл кітап оқырманды тек табиғатпен емес, өз жүрегімен де үндесуге шақырады.

Кітапханадан алып, оқуға кеңес береміз.



84(5Қаз) Ахметова, К. Бақ [Мәтін] : [өлеңдер мен поэмалар] / Күләш Ахметова. - Алматы: Атамұра, 2005. - 240 б.




Қазақ поэзиясындағы нәзік лиризм мен терең философиялық ойды үйлестіре алған көркем жинақ. Ақын бұл еңбегінде адам жанының ішкі әлемін, өмірдің мәні мен уақыттың өткіншілігін, тағдыр мен бақыт ұғымдарын поэтикалық биік деңгейде бейнелейді.

Ақын бақытты тек жеке адамның қуанышы ретінде ғана емес, рухани кемелдікпен, адамгершілікпен, ел мен жерге деген сүйіспеншілікпен сабақтастыра суреттейді. Өлеңдерден аналық мейірім, махаббат, сағыныш, үміт пен сенім сияқты сезімдер айқын сезіледі. Күләш Ахметова үшін бақ - сыртқы жағдайға тәуелді құбылыс емес, адамның ішкі жан дүниесіндегі жарық сәуле.

«Бақ» кітабы оқырманды өмірге байыппен қарауға, жақсылықты бағалай білуге, рухани тазалықты сақтауға үндейді. Бұл жинақ - тек поэзия сүйер қауымға ғана емес, адам жанының тереңіне үңілгісі келетін әрбір оқырманға ой салатын, жүрекке жылы әсер қалдыратын шығарма.

84(5Қаз) А94 Ахметова, К. Құт [Мәтін] : тәуелсіздік жырлары / Күләш Ахметова. - Алматы: Дәуір, 2005. - 144 б.



Қазақ өлеңінің жарық жұлдызы Күләш Ахметованың бұл жинағында береке, ырыс, бақыт туралы өлеңдері топтастырылған.

«Құт» - қазақы ұғымда қасиетті нығмет, бақыттың нышаны. Ақын әр сөзінде ойнақы ұйқаспен отбасы құндылықтарын, татулық пен аналық мейірімді жыр етеді.


Ахметова тілінің шұрайлылығымен, көңілдің қуанышын әсерлі жеткізе білуімен ерекшеленеді. Бұл кітап кез келген жанның жүрегіне қуаныш сыйлап, бақыттың бағасын сездіретін шуақты жырлардан тұрады.

A still life composition featuring books, a lit candle, and dried flowers on a light background. The scene is set on a light-colored surface, possibly a table. In the top left, an open book with aged pages is visible. In the top right, a closed book with a dark cover is partially seen. In the bottom left, a lit candle in a glass holder casts a warm glow. In the bottom right, another closed book with a dark cover is visible. Dried flowers and greenery are scattered throughout the scene, adding a natural and artistic touch.

*Күләш Ахметова - «Ағайыннан
асып, Алашқа танымал болған ақын.
Ол туа-біткен ақын, табиғаттың өзі
берген талант иесі».*

*Көсемәлі Сәттібайұлы
жазушы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері*

84(5Қаз) Ахметова, К. Махаббат [Мәтін] :
А94 өлеңдер / Күләш Ахметова,
Қайырбек Асанов. - Алматы: Дәуір,
2006. - 224 б.




Күләш Ахметова - қазақ поэзиясындағы сыршыл лириканың көрнекті өкілі. Оның жырларынан нәзіктік, тереңдік, ұлттық рух пен әйел жүрегінің шынайы үні айқын сезіледі. Ақын поэзиясының басты тақырыптарының бірі - махаббат.

Бұл кітап - шынайы сезім мен рухани тазалықтың жырланған көркем туындысы. Ақын махаббатты тек гашықтық емес, анаға, Отанға, өмірге, адамзатқа деген кең ұғым ретінде сипаттайды. Әр өлең - нәзік жүректің сыры, әйел болмысының тереңінен туған шынайы сезімнің үні.


Жинақта адамгершілік, адалдық, үміт пен сенім, сабыр мен сағыныш сезімдері шебер өріледі. Тілі көркем, мазмұны терең бұл кітап - жүрекке жол таба білетін нағыз рухани қорек.

Поэзияны сүйетін жас жеткіншектерге, қыз балаларға, оқырман қауымға осы жинақты оқуға кеңес береміз.

«Махаббат» - жанды тазартатын, жүрекке жылу сыйлайтын, ойға тереңдік беретін ерекше жинақ.



84(5Қаз=4Жам) Ахметова, К. Менің сәулелі сәттерім
А94 [Мәтін] : (мақалалар, сұхбаттар,
өлеңдер) / Күләш Ахметова. - Өскемен:
Шығыс ақпарат, 2015. - 420 б.




Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Күләш Ахметованың бұл кітабына әдебиет майталмандарының ақын шығармашылығы туралы әр жылдары жазған пікірлері мен ақынның сұхбаттары және мақалалары жинақталған.

Ақын шығармашылығының негізгі өзегі - адами қасиеттер, иман мен ізгілік тақырыбы. Бұл кітапта ұлттық құндылықтар мен игіліктер жайлы кең қамтылады.

Жинақтан ақынның азаматтық үні мен терең танымы көрініс тапқан. Бұл кітаптың жастарға, сонымен қатар көпшілік оқырманға берер өнегесі мол.

84(5Қаз=4Жам) Ахметова, К. Орман [Мәтін] :
А94 жыр жинағы / Күләш Ахметова. -
Астана: Фолиант, 2015. - 136 б.



Күләш Ахметованың бұл кітабында оның қазақ даласының табиғаты, орман, тоғай, нулары, шалқыған сулары мен занғар таулары, сұлу шаһарлары жайлы жазылған жырлары мен үзік-үзік шумақтары топтастырылған.

Сондай-ақ бұл кітаптан ғаламның тұтастығына, дүниенің тыныштығына, ұлттың бірлігі мен берекесіне арналған ақын сөзі мен азаматтық ұстанымын тануға болады.

Бұл жинақ жас оқырмандарды Отанды, ұлтты, табиғатты сүйуге үндейді

Күләш Ахметованың поэзиялық әлемі - сезімге бай, табиғат пен адам жанын астастыра жырлаған сырлы кеңістік. Ақынның жыр жинақтары жылдар бойы қазақ оқырманының рухани серігіне айналды. Оның жарық көрген негізгі өлең жинақтары қатарында: «Ақ гүлім менің», «Сен менің бақытымсың», «Жапырақ - жаздың жүрегі», «Мейірім», «Бұлақтағы жұлдыздар», «Жасыл жағалау», «Арғымақтар даласы», «Сен жанымда жүрсең», «Наурыз нұры», «Күн шыққанда күліп оян», «Бақ», «Құт», «Махаббат», «Жайна, Қазақстан», «Бақытты болыңдар», «Орман», «Менің сәулелі сәттерім» сияқты еңбектер бар.

Ақынның бірқатар кітаптары орыс тілінде жарық көріп, оның поэзиясы шетелдік оқырманға да жол тартты. Өлеңдері орыс, украин, белорус, өзбек, башқұрт, қырғыз және өзге де тілдерге аударылған.

*Сонымен қатар **Күләш Ахметова** А.Ахматова, А.Межиров, Н.Ислам, Э.Межелайтис сынды көрнекті ақындардың шығармаларын қазақ тіліне тәржімалап, аударма саласында да өзіндік қолтаңба қалдырды.*

Ақын поэзиясы азаматтық үнінің айқындығымен, нәзік сыршылдығымен дараланады. Оның шығармаларында туған елге деген сүйіспеншілік, адалдық пен достық, махаббат пен әйел тағдыры, замандас көңіл-күйі мен адам жанының терең иірімдері кеңінен жырланады.

Жапырақ – жаздың жүрегі

*Жапырақтар,
әр түрлі ән құрарсыңдар,
Алдарыңда әртүрлі тұрар сындар.
Нәзіктерім, сендермен сырласайын,
Менің нәзік жанымды ұғарсыңдар.*

**Ұғарсыңдар,
ұғу да, тану да арман,
Жасарыңдар,
Жасқанбай жауын, қардан.
Дайын тұру қажет-ақ барлық сынға,
Қорықпаңдар салқыннан, дауылдардан.**

*Қорықпаңдар шөлден де, аптаптан да,
Өр өзені өмірдің қатты аққанда,
Құларсыңдар биіктен, оған дейін
Қол соғыңдар әр күнгі аппақ таңға.*


**Тіршілікте боран да,
Құйын да бар,
Қайдан сенің түсінсін күйінді олар?
Ылғи жақсы болуды тілегенмен,
Ылғи жақсы боп қалу қиын болар...**

*Солай, алда әр түрлі тұрар сындар,
Тұрарсыңдар,
әртүрлі ән құрарсыңдар.
Нәзіктерім,
Сендермен сырласайын,
Менің нәзік жанымды ұғарсыңдар.*

Күләш Ахметова

83.3(5Қаз=4Жам)
Б20

Байырбек, Н. Күләш Ахметова
[Мәтін] : [өмірбаяндық эссе] / Нәзира
Байырбек. - Алматы: Дәуір, 2016. - 384
б.




Жазушы Нәзира Байырбектің бұл кітабын көрнекті ақын Күләш Ахметованың өмір жолы мен шығармашылығының қалыпташу кезеңдері баяндалады.

Автор ақынның өмір жолын, поэзиясының тақырыптық ерекшелігін, рухани әлемін ықшам да көркем тілмен ашады.

Жазушының тілі көркем, ойы бейнелі.

84(5Каз=4Жам)
А94

Ахметова, К. День отрады
[Текст] : стихи и поэмы / Куляш
Ахметова. - Алматы, 2014. - 168 с.



«День отрады» - поэтический сборник, посвящённый радости жизни, любви и родной земле. В стихах Куляш Ахметовой звучат искренние чувства, размышления о времени, природе и внутреннем мире человека. Произведения отличаются простотой языка, лиричностью и душевным теплом.

Книга посвящена моментам жизни, которые приносят внутренний покой, светлую радость и надежду. Сборник объединяет стихи, в которых автор делится светлыми переживаниями, оптимизмом, смыслом жизни и красоты мира.

Цветок

*Ты уронил пунцовый лепесток -
В летящем прахе твой огонь потонет.
Упала капля крови на песок -
Так жизнь уходит из твоих ладоней...*

*Шумит течение времени над ней.
Погибнут стебли в снеге леденящем,
Тебя растопчет зимний ветровей,
Но дорожи минутой настоящей!*

*Зачем дрожать?
Зачем на смертный страх
Ты тратишь жизнь, бегущую потоком?
Ведь ты остался в будущих цветах
И кровь твоя взойдет по стеблям током!*

*Гляди, как носит ветер семена!
Не знает смерти вечный круг природы.
Снега отхлынут - и придет весна,
Порадуйся за будущие всходы!*

Куляш Ахметова

Күләш Ахметованың кітаптары - жүрекке жол табатын шынайы поэзияның алтын қазынасы. Ақынның әрбір жинағында адам жанының терең сезімі, туған жерге деген махаббат, ана тіліне деген құрмет пен өмірге деген сүйіспеншілік өрнектелген. Бұл шығармалар оқырманды ойландырып қана қоймай, рухани тұрғыда байытады. Қазіргі таңда жан дүниеге тыныштық пен жылулық сыйлайтын кітаптар аса қажет.

Ақынның өлеңдер жинақтары адам жанының нәзік сырын ашып, туған жерге, ана тіліне деген сүйіспеншілікті арттырады.

Оларды оқу арқылы оқырман көркем сөздің құдіретін сезініп, өз ішкі әлеміне үңіледі. Сондықтан барлық оқырмандарды Күләш Ахметованың кітаптарын оқуға шақырамыз.

Бұл - поэзияны сүю, ұлттық рухты тану және адамгершілік құндылықтарды жүрекпен сезіну жолы

Кітапхана төрінде сіздерді рухани қазына мен көркем ойға толы кітаптар күтіп тұр.

*Кітапханамыздан келіп алып оқуға
шақырамыз!*

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

*Виртуалды көрме Тараз қаласы ОККЖ
ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінде
жасалды.*



okkzh_taraz



Тараз Қалалық Кітапханасы



<http://lib.e-taraz.kz/kk>